

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің PhD докторанты Амирова Гаухар Оразбаевнаның 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі (Н.Н.Поппе басылымы. Түркі сөздері негізінде)» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына

Рецензия

1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Көне ғасырдан бастау алып, орта ғасырда өз жалғасын тапқан қазіргі қазақ тілінің тамыры тым тереңде жатқаны белгілі. Қазақ тілінің тарихи даму жолдары мен жетілу әдістерін XIII-XIV ғасырларда жазылған жазба ескерткіштер тілін қарастыру арқылы жаңаны тану, өткенімізді түгендеп, болашағымызды айқындауға жол ашады.

Осыған орай, қорғауға ұсынылып отырған Әз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі (Н.Н.Поппе басылымы, түркі сөздері негізінде) қолжазбасында кездесетін тілдік бірліктердің қазіргі қазақ тіліне қаншалықты жақын екендігін фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтакситік тұрғыдан ғылыми дәйектер арқылы дәлелдеу қарастырылған.

Сондай-ақ, Мукаддимат ал-Адаб» төрт тілді (араб-парсы-түркі-монғол) сөздігінің қазіргі қазақ тіліне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін реестрге түсіріп, олардың транскрипциясын беру арқылы ескерткіш тілінің лингвистикалық деңгейін қарастырғанын ескерсек, Г.О.Амированың ескерткіш тілін кешенді лингвистикалық талдау жүргізгені зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Диссертант өз жұмысында зерттеу нысанына сай теориялық сипаттағы күрделі мақсат-міндеттерді алдына қойған. Зерттеу жұмысы барысында жалпы тілдік талдаулардың маңыздылығын: Ортағасырлық Әз-Замахшаридің «Мукаддимат ал-Адаб» сөздігінің тілін, дыбыстық жүйесін және сөздік қор мен құрамын, дербес сөздердің морфологиясын және сөз таптарының ерекшеліктерін, есімді, етістікті сөз тіркестерінің берілу және байланысу жолдарын анықтап, ғылыми айналымға түсіріп отыр. Бұл жайт философия докторы дәрежесін алу үшін диссертация тақырыбының жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен толық сәйкес келетіндігін айқындайды.

2.Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі, талап деңгейіндегі нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Г.О.Амированың зерттеу жұмысы бастан аяқ автордың ғылыми ізденісінің нәтижесі. Зерттеу нәтижесінде докторант тың ғылыми жаңалықтарға қол жеткізіп отыр:

- сөздік тіліндегі лексемалардың фонетикалық ерекшеліктерін, ондағы дыбыстардың табиғаты мен қолдану аясы, фонетикасының қазіргі қазақ тілінен өзгешелігі мен ұқсастықтарын ажыратып, мысалдар арқылы дәлелдеген;

- ескерткіш тіліндегі дыбыстарға әліпби түзіп, кириллицамен таңбалаған;

- ескерткіш тілінің лексикасы, антоним, омоним, синоним сөздерді анықтап, олардың ерекшелігі мен жасалу жолдарына тоқталған;

- қолжазба тілінде кездесетін кірме сөздерді мағыналық жағынан ажыратып, қай тілден енгенін анықтаған;

- сөздердің морфологиялық тұлғасы мен лексика-семантикалық ерекшеліктерін нақтылап, өзіндік ғылыми тұжырым жасай білген;

- сөздерді таптастыру принципін ұстана отырып, ескерткіш тіліндегі сөздерді сөз таптарына бөлген; өлі түбірлер ажыратылып, қазіргі қазақ тілімен салыстырыла қарастырылған;

- сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері және есімді, етістікті сөз тіркестерінің грамматикалық және мағыналық жағынан байланысу жолдарын анықтаған.

- сөздіктегі түркі сөздерін қазіргі қазақ әліпбиі бойынша транскрипциялап, нәтижесінде сөздік түзген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Докторант Амирова Гаухар Оразбаевна зерттеу жұмысында әр түрлі деңгейдегі теориялық жұмыстарды пайдаланғандығы диссертацияның негізделу және шынайылық дәрежесін растайды. «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің фонетикасы қазіргі қазақ тіліне өте жақын және ескерткіш тілі ареалдық жағынан алшақтығына қарамастан лексикалық қоры қазақ тіліне ұқсас екендігін тұжырымдап, шынайылық дәрежесін көрсетеді. Жазба ескерткіш тіліндегі кірме сөздер араб, парсы, монғол лексемаларын құрайды. Түркі-парсы-араб кірме сөздерінің ортақ сипаты анықталып, ортағасырлардағы қолданылу деңгейі айтылған.

Сондай-ақ, ескерткіш тілінің морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері:

- ескерткіш тілінің морфологиялық құрамы қарастырылып, сөз таптарына ажыратылған;

- «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тілінің синтаксистік ерекшеліктері қарастырылып, сөз тіркестерінің жасалу жолдары қарастырылған;

- қазіргі қазақ тілінде қолданылатын сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің тіліндегі сөз тіркестерімен ұқсастығы дәлелденіп, көрсетілген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Әрбір ғылыми нәтиже, Г.О.Амированың диссертацияға жасаған түйіні мен қорытындысы нақты материалдарға негізделген. Сөздік тіліндегі лексемалардың фонетикалық ерекшеліктерін, ондағы дыбыстардың табиғаты мен қолдану аясы, фонетикасының қазіргі қазақ тілінен өзгешелігі мен ұқсастықтарын ажыратып, **au** (аң), **auči** /аңчы – аңшы, **abadan yer** /абадан йер – қолайлы жер, **aɟladı** /аңлады – аулады, **a. auñi** /аңлады аңны – аң аулады, **aidayan** /айдаған – алдаған, өтірік, **antliq** | антлық – уәделі, антты, **ar ayı** /ар айы – он бірінші ай, **arči** /арчы – арша, **arıq** /арық – таза, **ačiü** /ачығ – ашу, **ant** /ант – ант т.б. мысалдар арқылы дәлелдеп көрсеткен. Сонымен қатар, ескерткіш тіліндегі дыбыстарға әліпби түзіп, кириллицамен таңбалаған.

Ескерткіш тілінің лексикасы, антоним, омоним, синоним сөздерді зерттеген ғалымдардың түрлі пікірлерін қолдана отырып, нақты мысалдар арқылы (там – үй, қабырға, **ew** /ев – үй; **borčni** / борчны – берешек, қарыз; **öntüč** /өнтуч–берешек, **yarmaq** /йармақ– берешек) сөздердің ерекшелігі мен жасалу жолдарын қарастырған. Жалпы алғанда, Г.О.Амированың диссертациялық зерттеуінде берілген тұжырымдардың жаңалық деңгейі жоғары, дәйекті деп есептеуге болады.

5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеудің тақырыбы, соған сәйкес құрылымы, мазмұнындағы талдау, зерттеу, салыстыру, салғастыру барысы, нәтижелері және жалпы қорытындысы логикалық тұтастықта құрылған ішкі бірлігімен сипатталады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Зерттеу жұмысын жүргізуде, талдауда пайдаланылған теориялық қорытындылар Тіл тарихы, Тарихи грамматика, Тарихи лексикология, Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын зерттеуде үлкен үлес қоса алады. Орта ғасырлардағы түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін анықтауға үлкен септігін тигізеді. Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша алынған қорытындыларды жоғары оқу орындарында Салыстырмалы-тарихи лексикология, Түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, оқу құралдарын құрастыру барысында, Жалпы тіл білімі, түркі тілдерінің тарихы мен мәдениетін дамыту бойынша арнайы пәндерге, сондай-ақ түркі тілдерінің тарихы мен сөздіктерін құрастыруда қолдана алады. Шығыстану, Түркітану, Қыпшақтану салалары бойынша қордаланған мәселелерді шешуде бакалавр, магистратура, докторантурада «Ортағасырлық түркі ескерткіштері» пәніне қосымша материал ретінде қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен ғылыми-теориялық, халықаралық конференцияларда 9 мақала жарияланған. Оның ішінде 1

мақала - Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 3 мақала - ҚРҒЖБМ Ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда және 5 мақала - халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланған.

Скопус мәліметтер базасында бір мақала:

1. «The Lexical and Semantic Analysis of Zamakshari's Dictionary «Muqaddimat Al-Adab» and its Relation to the Kazakh Language», International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). , 12(1), 2024 ISSN 2329-2210, October 2023, Pages 83-90 <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.2011077.3159>

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдардағы мақалалары:

1. Әз-Замахшаридің «Муқаддимат әл-Адаб» еңбегінің тілдік ерекшелігі. Әл-Фарабиатындағы Қазақ Ұлттық университеті. Хабаршысы. Арнайы басылым. Филология сериясы № 2/2023. 6-13 бб.

2. Әз-Замахшаридің «Муқаддимат әл-Адаб» ескерткішінің синтаксистік ерекшелігі.-Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы №1 1(146)/2024. 41-48 бб.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-41-48>

3. Әз-Замахшаридің «Муқаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. № 2/ 2024. 6-13 бб.

Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда:

1. Ортағасыр жазба ескерткіштерінің зерттелу жайы. «Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. ТОМ 2 – Шымкент, 2021. – 29-31 бб.

2. «Әз-Замахшаридің «Муқаддимат әл-Адаб» еңбегі– түркі халықтарына ортақ мұра». «Әуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. ТОМ 2 . – Шымкент, 2021. – 31-34 бб.

3. «Некоторые проблемы сопоставительного исследования тюркских памятников письменности средневековья». Национальная Академия Наук Республики Армения, институт языка имени Р.Ачаряна. №1, 2022, – 13-18 бб.

4. «Түркі тілдеріне ортақ сөздер». И.Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік Университеті жаршысы. №2, 2022, – 16-21 бб.

5. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған. «Тәуелсіздік жолы: қалыптасуы, дамуы және келешегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Әз-Замахшаридің «Муқаддимат әл-Адаб» еңбегінің тіл тарихындағы маңызы. –Нұр-Сұлтан, 2021,–73-77 бб.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

1. Төмендегі сөздерді бірізділендіру қажет:

- ал-Адаб = ал-адаб = әл-Адаб = әл-Әдаб = аль-Адаб = аль-адаб;

- әз-Замахшари = Әз-Замахшари = Аз-Замахшари = аз-Замахшари;
- Мукаддимат = Муқаддимат = Мұқаддимат (1, 5, 6, 7, 8, 9-беттерде)

2. Диссертация мазмұнында орын алған мәселелерді қарастыруда бір жүйеге түсіру керек еді: мысалы, 1.3 «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің фонетикасы деген тармақша лексика, морфология, синтаксис салаларынан өз алдына бөлек тұр.

3. Диссертация мазмұнындағы 2, 3-тарау атаулары мен жұмыс ішіндегі тарау атауларында айырмашылықтар бар.

4. Диссертациялық жұмыстың өн бойында стилистикалық, тыныс белгілік, грамматикалық қателер кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, диссертациядағы жалпы нәтижелерінің теориялық және практикалық ғылыми құндылығын төмендетпейді.

9. Мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Амирова Гаухар Оразбаевнаның 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі (Н.Н.Поппе басылымы, түркі сөздері негізінде)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына сәйкес орындалған.

Амирова Гаухар Оразбаевна 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының доценті,
философия докторы (PhD)



Нұрбек М.А.